

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1439 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 10 шілде N 864. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.12.31. N 1748 қаулысымен.

Мүгедектерді арнаулы жүру құралдарымен қамтамасыз етуге байланысты бюджеттік қаражаттарды тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін акцизделетін

тауарлардың жекелеген түрлеріне арналған акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1439 қаулысына қосымшаға /Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 34, 433-бап/ мынадай толықтырулар енгізілсін:

коды СЭҚ ТН 870322190-нан "бұл да, арнаулы тұрғыдағы мүгедектер үшін\*\*\* нөлдік ставка бойынша"

деген жолмен және мынадай мазмұндағы:

"\*\*\* 1996 жылғы 1 наурыздан басталған кезеңде республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен сатып алынған және бюджеттік қаражаттардың есебінен ұсталатын ұйымдар республикаға әкелген" ескертпемен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары